ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 17 қаңтар №2301-23-00-2/2908 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилова болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Megapolis» - Әсем Ғаниқызы Өксікбай,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы 810 теңгені бюджетке қайтару туралы,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Л.З.Бекесова,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 28 қыркүйекте тараптар құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №36 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған. Шарт бойынша жауапкер тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша 15 күнтізбелік күн ішінде «Қабылдау кестесі және жұмыс кестесін жасау» түріндегі қызметті атқаруға міндеттенген. Тапсырыс 2023 жылғы 10 қазанда берілген, яғни жауапкердің ашртта көзделген міндеттемені орындау мерзімі – 2023 жылғы 25 қазан. Алайда, шартта көзделген мерзімде жауапкер жұмыстарды жүргізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, жағымсыз салдар бар екенін екенін, өйткені аталмыш кесте жазылған тақтайшалар тұрғындарды қабылдау кезінде қажет екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысының өтетін орны мен уақыты туралы хабарлы болғанымен, жауапкер сот отырысына келген жоқ.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігінің талабына сай, сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылған іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәлелсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы.

Сот, жауапкер өкілінің сот отырысына қатыспауын дәлелсіз деп танып, істі жауапкер өкілінің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 273 баптарының талабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды. Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызметті орындамаған, яғни шарт бойынша міндеттемені орындаудан біржақты бас тартқан.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 23 қарашада жүгінген.

Құжатқа қол қойылған: Султанғалиева А. Е., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Султанғалиева А. Е., 26.02.2024

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

АК-нің 8-бабының 4-тармағына сай, азаматтар мен заңды тұлғалар өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асырған кезде адал, парасатты және әділ әрекет жасап, заңдардағы талаптарды, қоғамның адамгершілік қағидаттарын, ал кәсіпкерлер - бұған қоса іскерлік әдептілік ережелерін сақтауға тиіс. Бұл міндетті шарт арқылы алып тастауға немесе шектеуге болмайды. Азаматтық құқық қатынастарына қатысушылардың адал, парасатты және әділ әрекет жасауы көзделеді.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі сотқа берген түсініктемесінде жауапкер тарапынан шарттың орындалу сомасы электрондық әмиянға төленгенін, шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, шарттың қамтамасыз ету сомасы жергілікті мемлекет кірісіне автоматты түрде аударылатынын растады.

Істің бұл тұрғысында, сот, талап негізсіз берілген деп санайды, өйткені, шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын мемлекет кірісіне аудару немесе мемлекет кірісіне қалдыру немесе қайтару жауапкердің құзыретін кірмейді.

Сондықтан №2 талап қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес №1 талап қою бойынша жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады, ал №2 талап қою бойынша сот шығыны мемлекет есебіне жатқызылады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Megapolis» - Әсем Ғаниқызы Өксікбайды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, банктік кепілдемені бюджетке өндіру туралы талап қою арызы – ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Megapolis» - Әсем Ғаниқызы Өксікбай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талаптың талап қоюшы «Атырау облысы Мемлекеттік еңбек инспекция басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Megapolis» - Әсем Ғаниқызы Өксікбайға шартты қамтамасыз ету сомасын бюджетке қайтаруға міндеттеу туралы бөлігі – қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Султанғалиева А. Е., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Султанғалиева А. Е., 26.02.2024

Жауапкер жеке кәсіпкер «Megapolis» - Әсем Ғаниқызы Өксікбайдан мемлекет кірісіне1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «26» ақпан 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 24.01.2024

Заңды күшіне енген күні: 26.02.2024, судья Султангалиева А. Е., 26.02.2024